

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1379 Қаулысы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 16-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі;

2) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бес жасқа дейінгі балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

3) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жүкті әйелдерді құрамында темір және йод бар препараттармен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

4) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне азаматтардың жекелеген санаттарын алдын ала медициналық тексерулерді жүзеге асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

5) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын жергілікті деңгейде материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

6) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орта кәсіптік білім беру бойынша оқыту құнының ұлғаюы жөніндегі шығыстардың орнын толтыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

7) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне медицина кадрларын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы менеджерлердің біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің бекітілген сомасын аударуды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомасын уақтылы және мақсатты п а й д а л а н у д ы ;

2) есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомасының пайдаланылуы туралы есептер беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 4 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1 3 7 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) мынадай республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібін айқындайды:

035 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бес жасқа дейінгі балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы н ы с а н а л ы т р а н с ф е р т т е р " ;

036 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жүкті әйелдерді құрамында темір және йод бар препараттармен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

037 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне

азаматтардың жекелеген санаттарын алдын ала медициналық тексеруді жүзеге асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

038 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтаудың медициналық ұйымдарын жергілікті деңгейде материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер "

039 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орта кәсіптік білім беру бойынша оқыту құнының ұлғаюы жөніндегі шығыстардың орнын толтыруға берілетін ағымдағы нысаналы т р а н с ф е р т т е р " ;

040 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне медицина кадрларын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы менеджерлердің біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға берілетін ағымдағы нысаналы т р а н с ф е р т т е р " .

1. Аурулар түрлерінің тізбесін, сондай-ақ амбулаториялық емдеу кезіндегі ағымдағы нысаналы трансферттердің есебінен сатып алынатын дәрілік заттардың (құрамында темір мен йод бар препараттарды қоса алғанда) бірыңғай номенклатурасын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі айқындайды.

Дәрілік заттарды (құрамында темір мен йод бар препараттарды қоса алғанда) мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсты ұйымдастырушылар болып денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары әрекет етеді.

2. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің медициналық ұйымдары арасында 20-дан 34 жасқа дейінгі әйелдерді алдын ала медициналық тексеруді жүзеге асыруға арналған соманы бөлуді осы ұйымдарға бекітіп берілген, көрсетілген жастағы әйелдердің санына сәйкес денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары жүргізеді.

3. Денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары мемлекеттік фельдшерлік пункттерді, фельдшерлік-акушерлік пункттерді, әйелдер консультацияларын (кабинеттерін), аудандық ауруханаларды, қалалық, облыстық ауруханаларды, балалар мен босандыру медициналық ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыру үшін медициналық жабдық пен медициналық мақсаттағы бұйымдар сатып алуды, мемлекеттік ауылдық (отбасылық) дәрігерлік амбулаторияларға және жедел шұғыл медициналық жәрдем қызметтеріне санитарлық көлік сатып алуды, сондай-ақ оларды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің медициналық ұйымдары арасында бөлуді жүзеге асырады:

1) медициналық жабдықтың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың номенклатурасын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі айқындайды;

2) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік медициналық ұйымдарды, санитарлық көлікті қоспағанда,

материалдық-техникалық жарақтандыруға ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу үшін шарт 2002-2004 жылдар ішінде осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген медициналық ұйымдарда Денсаулық сақтау ұйымдарын күрделі жөндеу және материалдық-техникалық жарақтандыру жөніндегі өңірлік бағдарламалар шеңберінде 2005 жылы жоспарланатын күрделі жөндеуді жүзеге асыру болып табылады. Денсаулық сақтауды басқаруды жергілікті мемлекеттік басқару органдары 2005 жылғы 20 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне объектілер бойынша құралдар мен жұмыс түрлерін көрсете отырып, осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген объектілерді күрделі жөндеу жөніндегі ақпаратты ұсынады;

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі осы Ереженің 3-тармағының 2-тармақшасында көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің арасында ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын қайта бөлу туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

4. Орта кәсіптік білім бойынша оқыту құнының ұлғаюы жөніндегі шығыстардың орнын толтыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары 2005 жылғы 20 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне ұсынатын оқитындардың контингенті туралы ақпараттың негізінде бөлінеді.

5. Медицина кадрларын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы менеджерлердің біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға арналған ағымдағы нысаналы трансфертер :

1) біліктілікті арттырудың бір айлық циклына жіберілетін, халыққа тұрақты медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары бас дәрігерлерінің және қайта даярлаудың 10 айлық циклына жіберілетін, денсаулық сақтаудың жергілікті мемлекеттік басқару органдары басшыларының, басшылардың орынбасарларының және құрылымдық бөлімшелер басшыларының оқуына және іссапар шығыстарына арналған шығыстардың орнын толтыру;

2) біліктілікті арттырудың бір айлық курсына жіберілетін, жалпы дәрігерлік практика мәселелері бойынша маманданудан өткен бастапқы медициналық-санитарлық көмек (бұдан әрі - БМСК) ұйымдары дәрігерлерінің іссапар шығыстарының және оқуына арналған шығыстарының және қайта даярлаудың 6 айлық курсына жіберілетін, жалпы дәрігерлік практика мәселелері бойынша маманданудан өтпеген БМСК ұйымдары дәрігерлерінің іссапар шығыстарының, оқуына және жұмыс орындарын алмастыруға арналған шығыстарының орнын толтыру үшін көзделеді.

6. Медицина кадрларының, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы менеджерлердің біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары 2005 жылғы 20 ақпанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне ұсынатын конкурстық рәсімдердің қорытындыларын

шығару туралы хаттамалардың және қызметтерді мемлекеттік сатып алуға арналған шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімде қажетті есептерді ұсынады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 24 желтоқсандағы
N 1379 қаулысымен

бекітілген
Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 5 жасқа дейінгі балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге нысаналы ағымдық трансферттердің сомаларын бөлу

Атауы	Сомасы, мың теңге
Барлығы:	532285,0
Ақмола облысы	21443,0
Ақтөбе облысы	18424,0
Алматы облысы	32812,0
Атырау облысы	8141,0
Шығыс Қазақстан облысы	42174,0
Жамбыл облысы	33557,0
Батыс Қазақстан облысы	29031,0
Қарағанды облысы	81588,0
Қостанай облысы	28301,0
Қызылорда облысы	15206,0
Маңғыстау облысы	15805,0
Павлодар облысы	32618,0
Солтүстік Қазақстан облысы	19949,0
Оңтүстік Қазақстан облысы	56427,0
Астана қаласы	33627,0
Алматы қаласы	63182,0

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2004 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 1379 қаулысымен

бекітілген

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 20-дан 34 жасқа дейінгі әйелдерді алдын ала медициналық тексеруді жүзеге асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу

Атауы	Сомасы, мың теңге
Барлығы:	8 478 444,0
Ақмола облысы	3 722 230,0
Ақтөбе облысы	3 851 900,0
Алматы облысы	8 588 800,0
Атырау облысы	2 548 900,0
Шығыс Қазақстан облысы	797 440,0
Жамбыл облысы	5 640 700,0
Батыс Қазақстан облысы	3 207 500,0
Қарағанды облысы	7 471 100,0
Қостанай облысы	4 831 400,0
Қызылорда облысы	3 398 200,0
Маңғыстау облысы	1 990 900,0
Павлодар облысы	4 205 400,0
Солтүстік Қазақстан облысы	3 397 400,0
Оңтүстік Қазақстан облысы	11 924 800,0
Астана қаласы	4 055 400,0
Алматы қаласы	7 975 300,0

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 1379 қаулысымен

бекітілген

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жүкті әйелдерді құрамында темір мен йод бар препараттармен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу

Атауы	Сомасы, мың теңге
Барлығы:	736794,0
Ақмола облысы	26309,0
Ақтөбе облысы	36101,0
Алматы облысы	70906,0
Атырау облысы	27422,0
Шығыс Қазақстан облысы	52938,0
Жамбыл облысы	49025,0
Батыс Қазақстан облысы	27385,0
Қарағанды облысы	51175,0
Қостанай облысы	30875,0
Қызылорда облысы	34611,0
Маңғыстау облысы	23953,0
Павлодар облысы	28688,0
Солтүстік Қазақстан облысы	20973,0
Оңтүстік Қазақстан облысы	179159,0
Астана қаласы	16797,0
Алматы қаласы	60477,0

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 24 желтоқсандағы
N 1379 қаулысымен

бекітілген

**Жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтаудың
медициналық ұйымдарын материалдық-техникалық
жарақтандыруға облыстық бюджеттерге,
Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне
ағымдағы трансферттердің сомасын бөлу**

Атауы	Сома, мың теңге	соның ішінде
		Фельдшер- лік, фель- дшерлік- акушерлік пункттер-
		Балалар мен босан- дыру ұйым- дарын ме- дициналық
		Ауылдық (отбасы- лық) амбу- латориялар мен жедел
		Аудандық, қалалық және облыстық аурухана-

| ді, әйел- | жабдықпен | және | ларды ме-
 | дер консу- | және меди- | шұғыл ме- | дициналық
 | льтацияла- | циналық | дициналық | жабдықпен
 | рын (каби- | мақсаттағы | көмек көр- | және ме-
 | неттерін) | ұйымдармен | сету қыз- | дициналық
 | медицина- | жарақтан- | метін са- | мақсат-
 | лық жаб- | дыру | нитарлық | тағы ұй-
 | дықпен жә- | | | автокөлік- | ымдармен
 | не медици- | | | пен қамта- | жарақтан-
 | налық мақ- | | | масыз ету | дыру
с а т т а ғ ы				
ұ й ы м д а р м е н				
ж а р а қ т а н -				
д ы р у				

Барлығы	5231000	2991596	491901	505700	1241803
Ақмола облысы	440269	291923	20583	20800	106963
Ақтөбе облысы	266931	123598	20583	32500	90250
Алматы облысы	555555	358087	20583	74100	102785
Атырау облысы	138539	80346	7421	15600	35172
Ш ы ғ ы с		Қ а з а қ с т а н			
облысы	470064	251106	63430	61100	94428
Жамбыл облысы	318560	160006	28004	40300	90250
Б а т ы с		Қ а з а қ с т а н			
облысы	323989	176461	14843	29900	102785
Қарағанды облысы	190362	53061	29685	29900	77716
Қостанай облысы	437090	256885	22264	46800	111141
Қызылорда облысы	151285	64626	22264	7800	56595
Маңғыстау облысы	129044	30380	28004	1300	69360
Павлодар облысы	348996	188220	35426	35100	90250
С о л т ү с т і к		Қ а з а қ -			
стан облысы	477601	330090	20583	32500	94428
О ң т ү с т і к		Қ а з а қ -			
стан облысы	684254	452293	72533	65000	94428
Астана қаласы	79423	18370	35427	13000	12626
Алматы қаласы	219038	156144	50268	0	12626

2004 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 1379 қаулысымен

бекітілген

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орта кәсіптік білім беру бойынша оқыту құнының ұлғаюы жөніндегі шығыстардың орнын толтыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу

Атауы	Сомасы, мың теңге
Барлығы:	9 563 1,0
Ақмола облысы	2 145,0
Ақтөбе облысы	5 792,0
Алматы облысы	4 819,0
Атырау облысы	4 390,0
Шығыс Қазақстан облысы	8 449,0
Жамбыл облысы	9 406,0
Батыс Қазақстан облысы	6 766,0
Қарағанды облысы	7 409,0
Қостанай облысы	7 261,0
Қызылорда облысы	4 654,0
Маңғыстау облысы	4 373,0
Павлодар облысы	3 878,0
Солтүстік Қазақстан облысы	2 805,0
Оңтүстік Қазақстан облысы	17 724,0
Астана қаласы	4 159,0
Алматы қаласы	1 601,0

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 1379 қаулысымен

бекітілген

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне медицина кадрларының, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы менеджерлердің біліктілігін арттыруға және қайта

**даярлауға берілетін ағымдағы нысаналы
трансферттердің сомасын бөлу**

Атауы	Сомасы, мың теңге
Барлығы:	1 4 9 7 7 1 , 0
Ақмола облысы	9 2 1 6 , 0
Ақтөбе облысы	9 2 1 6 , 0
Алматы облысы	9 2 1 6 , 0
Атырау облысы	9 1 2 0 , 0
Шығыс Қазақстан облысы	9 2 1 6 , 0
Жамбыл облысы	9 2 1 6 , 0
Батыс Қазақстан облысы	9 2 1 6 , 0
Қарағанды облысы	9 2 1 6 , 0
Қостанай облысы	9 2 1 6 , 0
Қызылорда облысы	9 2 1 6 , 0
Маңғыстау облысы	9 1 2 0 , 0
Павлодар облысы	9 2 1 6 , 0
Солтүстік Қазақстан облысы	9 2 1 6 , 0
Оңтүстік Қазақстан облысы	1 0 2 9 0 , 0
Астана қаласы	1 0 6 4 9 , 0
Алматы қаласы	9 2 1 6 , 0